

Абижанова Асем Шаймерденовнаның 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» атты диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

## ІШКІРІ

1. Зерттеу жұмысының көкейкестілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстанның төртінші өнеркәсіптік революцияға қадам басу дәуірінде мемлекеттің дүние жүзіндегі озық отыз елдің қатарына ену стратегиясындағы басты міндеттердің бірі бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі мәлім. Мәселен, Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болатын ұрпақ тәрбиелеу» екендігі айтылған. Ал, бұл өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарындағы болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді. Соның бірі – болашақ мұғалімдердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту.

Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру ұғымы Қазақстан халқының бойларында «ұлттың салт-дәстүрі, тілі мен өнері, музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігін» білдіретіндігін ескерсек, онда ұлттық кесте арқылы тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетінің дамуын зерттеудің қажеттілігі артып отыр. Өйткені тұлғаның ұлттық кесте мазмұны мен болмысын эмоционалдық тұрғыдан оң қабылдауы, онда берілген түйсікті ойларды сезінуі, ойдан өткеруі, есінде сақтауы мен зейінін шоғырландыруы барысында оның этикалық-тұлғалық, көркемдік-эстетикалық қасиеттері, интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттері дамиды, ой-өрісі өседі. Ал бұл болса, олардың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің көтерілуіне себеп болады

Олай болса, Абижанова Асем Шаймерденовнаның диссертациялық зерттеуінің «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбында жазылуы нәтижесінде жоғары педагогикалық оқу орындарында студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерінің айқындалып, әдістемесін жасауы мен оны ендіруге арналған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды эзірлеуі оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.

## 2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері

Диссертант зерттеу проблемасын шешу мақсатында алдына 4 зерттеу міндетін қойған және зерттеу барысында 4 міндеттің де шешімін тапқан, 4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

1) студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерін айқындаған;

2) ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтаған;

3) студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған;

4) студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесін жасаған және оны ендіру бойынша ұсыныстар берген.

Алынған ғылыми нәтижелердің теориялық құндылығы мен негізділігі күман тудырмайды.

## 3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

*Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігімен* шынайылығы автордың зерттеу проблемасына қатысты шетелдік, отандық еңбектерді талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, диссертант ғылыми әдебиеттерді *контент-талдау, феноменологиялық әдіс* негізінде талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсуі мен түйінді тұжырымдарға өзінің ойын білдіруі, шығармашылық, көркемдік-шығармашылық ұғымдарын нақтылауға алынған бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

*Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* ізденушінің халықтың қолөнер кәсіпшілігіне балалар мен ждастарды үйретудің тарих, этнография, қолөнер, саласындағы еңбектер мен халық қолөнерінде шәкірт тәрбиелеу жүйесі (дәстүрі, әдістері, формалары, құралдары және т.б.) қарастырылған педагогикалық зерттеулерге жасаған талдауымен, *жүйелі әдісті* қолдануымен қамтамасыздандырылады. Соның негізінде ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәнін негіздеуімен айқындалады.

*Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* автордың отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдауымен логикалық әдістерді қолдануымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауымен дәлелденеді.

*Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* диссертанттың Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру заңнамалық-нормативтік құжаттамаларын (Білім беру туралы Заң, мемлекеттік стандарт, педагогтың кәсіптік стандарты және т.б.), әдістемелік еңбектерге жасаған талдауымен,

нәтижесінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесін жасауымен дәлелденеді.

#### 4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

*Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы «Шығармашылық», «әлеует», «көркемдік-шығармашылық әлеует» ұғымдарының мәнін зерттеуде оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруімен, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетуге және аталған түсініктерді зерттеу пәніне сәйкес нақтылауынан туындайды. Диссертанттың тұжырымдауына шығармашылық дегеніміз адамның мақсатқа бағытталған жаңаны табу іс-әрекетінде көрініс табатын ізденімпаздығы, табандылығы, ерік-жігері, ақыл-ойы, эмоционалдық сезімі, креативтілігі мен белсенділігінің кіріктірілген күйі. Автордың бұл ойымен біз толықтай қосыламыз. Ғалымдардың ғылыми әдебиеттерде берген анықтамаларын талдау негізінде диссертант көркемдік-шығармашылық әлеует түсінігін нақтылайды. Көркемдік-шығармашылық әлеует – адамның белгілі бір көркемөнер туындысы негізінде эмоционалдық-эстетикалық шығармашылық бағыттағы белсенділігі мен тұлғалық қасиеттерінің кіріктірілуін анықтайтын ерекше психологиялық құрылым (1-бөлім, §1,2). Автордың өз бетінше негізгі кілтті ұғымның мәнін нақтылауы, анықтама беруге талпынуы оның бірінші жаңалығының құндылығына күмән туғызбайды*

*Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы – ұлттық кесте өнерінің түрлері мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтау оның төрт қырын зерттеу негізінде жүзеге асатындығын негіздеген: 1) ұлттық кестенің шығу, даму тарихы туралы білімдердің тереңдігі мен мазмұныны, оның тұлғаның дамуына мәнді ықпал етеді. 2) ұлттық кесте ұғымының мәні мен оның қандай бұйымдарға салынатыны анықталды. 3) кестеленетін ою-өрнектердің түрлері мен мазмұнын, олардың тұлғаның дамуындағы мәні айқындалды. 4) Студенттердің көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамытуда ұлттық кестенің орындалу техникасы, оның түрлері мен жолдары айқындалды (2-бөлім, §1,2.).*

Бұл ізденушінің алған ғылыми нәтижесінің жана екендігіне шүбә келтірпейді.

Әсем Абижанова мұнымен де тынбай студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің дамуы оның психикалық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ойлау, ойлау ұшқырылығы, ойлау белсенділігі және т.б.) дамуынан талап етілетіндігін негіздейді. Осы психикалық үдерістердің дамуына ұлттық кесте құралдары тікелей ықпал ететіндігін дәлелдейді. Оның тұжырымдауына, адам қолонерді, соның ішінде ұлттық кестені оған эмоционалдық қатынасы негізінде қабылдайды, сезінеді, зейіні ауады, ой елегінен өткізеді, есінде сақтайды, қиялдайды және т.б. Ал бұл болса, оның кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің дамуына, көркемдік білімдерінің кеңейуіне,

шығармашылығының шыңдалуына, көркемдік-шығармашылық дамуына алып келеді (2-бөлім, §2).

*Үшінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы.* Докторант студенттердің ұлттық кестені оқыту үдерісінде көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған. Модельдің **мақсаттық бөлігі** жобалау мақсатын анықтайды: студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамуы - білім беру мен модельдеу міндеті – студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісін теориялық, ұйымдастырушылық-технологиялық қамтамасыздандыру. **Мазмұндық бөлігі** жоғары оқу орнының оқу үдерісінде қалыптасатын көркемдік-шығармашылық әлеуеттің негізгі компоненттерін – *мотивациялық-құндылықтық; танымдық-мазмұндық; іс-әрекеттік-өнімділік; рефлексиялық-бағалаушылық* анықтайды. **Оқу ортасы бөлігінде** білім беру ортасының анықтамасынан екі құрамдауыш жіктеледі: жасанды ортаны (студент мен оқытушының жұмыс орны, олардың көркемдік-шығармашылық біліктілігі мен дағдылары) және ақпаратты ортаны (білім, «Ұлттық кесте өнері арқылы тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетінің дамуы» элективті курсының мазмұны) қамтитын ортаның физикалық нақтылығы; әлеуметтік кеңістікке (университеттегі орта – қоғам, педагог пен студенттер арасындағы қатынас, педагогтар арасындағы қатынас т.б.) және білім беру үдерісіне қатысушылардың ішкі ортасын қамтитын ортаның психологиялық нақтылығы. **Ұйымдастырушылық бөлікте** педагогикалық шарттар мен психологиялық-педагогикалық ұстанымдар бөліп көрсетілген, олар жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту мүмкіндіктерін беретін аймақ қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. **Диагностикалық бөлік** студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісінің кезеңділігін көрсетеді, ұлттық кестені оқыту үдерісінің нәтижесінен және олардың даму деңгейінен көрініс табады (2-бөлім, §3). Бұл автордың үшінші жаңалығының жаңа екендігін және өзінің зерттеу проблемасын жетік білетіндігін көрсетеді.

*Төртінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы.* Ізденуші Студенттердің ұлттық кестені оқыту үдерісінде көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі: бейіндеуші пәндер мазмұнының («Бейнелеу өнерінің тарихы», «Сәндік өнер», «Дәстүрлі тоқыма», «Қазақ ою-өрнектері», «Костюм дизайні», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі») толықтырылуы; «Ұлттық кесте өнері арқылы тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетінің дамуы» (элективті курстың бағдарламасы); көркемдік-шығармашылық тапсырмалар; *оқытудың әдістері:* эвристикалық әдістер, дәстүрлі әдістер, педагогикалық жағдаяттар, зерттеушілік іс-әрекеттер; *оқыту формалары:* *Аудиториялық сабақтар:* дәріс (дәріс-диалогтар «дәріс-көрме», дәріс-галерея), практикалық-сабақтар (семинарлар-зерттеулер, эвристикалық әңгімелер, баяндамаларды талдау, әр түрлі диспуттар түрлері мен шығармашылық пікір-таластар, тренингтік формаларға қатысу, ғылыми

әдебиеттерді талдау, көкейкесті мақалаларды проблемалық талдау, әр түрлі ойын әдістері мен формалары (іскерлік ойындар, конкурстар, сайыстар, көрмелер және т.б.). *Аудиториядан тыс сабақтар*: фольклорлық экспедициялар, музыкалық лекториялар, ауызша журнал, қолөнер қонақ бөлме, сән салоны театрландырылған көркемдік-әдеби кеш, республикалық, қалалық, университеттік дейгейде өтілетін сайыстар. техникалық, материалдық құралдар: ұлттық кесте өнері туралы бейнефильм; бейнесюжеттер, студенттік жұмыстардың электрондық үлгісі (3-бөлім, §1;3-бөлім, §2).

Ал бұл болса, автордың зерттеу әдіс-тәсілдерінде де өзіндік қолданбасының бар екендігін танытады. Мұның осы бағытын ерекше қолдауға болады. Өйткені, бұл педагогикалық проблеманы зерттеуге тың көзқарас береді.

#### **5. Алынған нәтижелердің бірлігін бағалау**

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының құндылығы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы 3 тараудан, 10 параграфтан тұратын әрбір бөлімдердің өзара идеялық, логикалық байланыстылығымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндегі көкейкесті проблема алғаш рет теориялық-әдістемелік тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқу-тәрбие ісінің теориясы мен практикасында пайдалануға болады.

#### **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 23 еңбекте жарық көрді. Соның ішінде 4 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыздандыру және бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 9 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 5 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 2 оқу-әдістемелік құралда жарияланды. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, нәтижелері мен қорытындылары әртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда талқыланды.

#### **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша мынадай ұсыныстар айтуға болады:

1) Бұл диссертацияның материалы жас ұрпақтың рухани, эстетикалық және ұлттық тәрбиесінде үлкен рөл атқарады, осыған байланысты

материалды әр түрлі жастағы студенттерге арналған үйірмелерді ұйымдастыру үшін пайдалану ұсынылады.

Көрсетілген ұсыныс А.Ш.Абижанова жүргізген ғылыми-әдістемелік зерттеудің құндылығын төмендетпейді. Өйткені ұсынылған диссертацияны ғылыми болжамы негізделген, алынған жаңа нәтижелері бар аяқталған жүйелі зерттеу ретінде сипаттауға болады.

**9. Диссертацияның сәйкес мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережелерінің қойылатын талаптарына сәйкестігі**

Абижанова Асем Шаймерденовнаның "Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту" тақырыбы бойынша орындалған және 6D010700-"Бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысы тиісті деңгейдегі диссертацияларды орындауға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және логикалық тұрғыдан аяқталған дербес ғылыми жұмысты білдіреді.

Диссертация авторы Абижанова Асем Шаймерденовна 6D010700-"Бейнелеу өнері және сызу" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент,**

С.Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық

университетінің профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы

*12.05.2021/ae*

Т.Қ.Мусалимов

*Т.Қ. Мусалимов*

